

PhD Аубакирова К.К., магистрант Аманжолова М.С.

Кызылординский университет имени Корыт Ата, Казахстан

Веб 2.0 ақпараттық технологиясы қалыптасуының алғышарттары мен даму кезеңдері

Бүкіл әлемге COVID-19 коронавирусы тарауының салдарынан адам өмірінің барлық саласында өзгерістер орын алды. Осындай жаһандық үдерістер орын алған қазіргі кезде қоғамды ақпараттандырумен қатар білім беруді ақпараттандыру кешенді түрде дамып келе жатыр. Білімді ақпараттандыру оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарына жету үшін білім саласында мағлұматтардың барын жүйеге келтіріп, жаңасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ақпаратты жинақтау, сақтау және тарату технологиялары мен құралдарын қолдануға бағытталған адамзат қызметінің ғылыми-практикалық саласын білдіреді. Ақпараттық технологияларды қазіргі білім жүйесінің әр түрлі саласына ендіру барынша ауқымды және кешенді сипат алуда [1].

Қоғамдағы ақпараттық-сандық технологиялар дамуының төртінші кезеңі 2001 жылы Веб 2.0 технологиясының пайда болуымен тікелей байланысты. Ақпараттық дамудың бұл кезеңі әлеуметтік-ақпараттық сипатқа ие. AJAX, XML, Flash, RSS және тегтер мен блогтар сияқты жаңа технологияларға негізделген ғаламдық концепция болып табылады. Бұл - интернет желісін толтыру мен жаңа контенттерді жасауда белсенді қолданушыларды тартуды көздейтін жүйе.

Бірнеше жыл бұрын ғаламтор желісінде веб 1.0 сервисі жұмыс жасаған болса, ғылым мен техниканың дамуына байланысты бұл технологияның орнына ғаламтордан тек қана ақпаратты жүктеп алу ғана емес, ақпаратты қолданушының өзі жасауға, өңдеуге, сақтауға, басқа қолданушылармен бөлісуге мүмкіндік беретін веб 2.0 сервисі пайда болды. Веб 2.0 ғаламтордың (world wide web) интерактивтік және коллаборативтік, нақты айтсақ қолданушылардың ортақ ақпарат жасай алу мүмкіндіктерін білдіретін ұғым. Аталған сервис арқылы қолданушы интернеттегі ақпаратты пайдаланып қана қоймай, өзі де осы ақпаратты қайта өңдей алады. Веб 2.0 ұғымы соңғы кездері қарқынды дамып

келе жатқан әлеуметтік желілермен тығыз байланысты. Қолданушылар Веб 2.0 технологиясына негізделген интерактивті қосымшалардың көмегімен ғаламтордағы ақпаратты, контентті өздері әзірлеп, сақтап, өңдеп, басқа қолданушылармен бөлісу арқылы ғаламторда тарата алады. Қолданушылардың осы сипатын көрсету мақсатында ағылшын тілінде "Prosumer" түсінігі пайда болды. Веб 2.0 технологиясы арқылы ғаламтордағы кез келген контентті орталықтандырылған медиа компаниялар емес, әлеуметтік желілер арқылы байланысқан шектеусіз қолданушылар дайынап, желіде тарата алады.

Веб 1.0 сервисі контентті көруге ғана мүмкіндік берсе, веб 2.0 технологиясы әлеуметтік медиа желісі арқылы қолданушыларға виртуалды қауымдастық құруға қолайлы жағдай тұрғызады. Веб 2.0 технологиясының негізгі мақсаты түрлі контенттер арқылы қолданушыларды қызықтыру емес, қолданушылардың белсенділігін арттыру болып табылады. Бірінші және екінші буындағы веб-сервистердің басты сипаттарын төмендегі кестеден көруге болады.

Веб 1.0.	Веб 2.0
Компьютерге арнайы бағдарламаларды орнатуды қажет етеді (application based)	Интернет арқылы барлық сервистер қолжетімді (Web-based)
Жекелеленген	Ортақ
Офлайн режимде жұмыс жасайды	Онлайн режимде жұмыс жасайды
Лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету	Тегін бағдарламалар
Жеке авторлық	Ұжымдық авторлық
Патенттелген бағдарламалық қамтамасыз ету (proprietary code)	Еркін бағдарламалық қамтамасыз ету (open source)

Авторлық құқықпен қорғалған материалдар (copyrighted content)	Ұжымдық қоланыстағы материалдар (shared content)
--	---

1-кесте. Бірінші және екінші буындағы веб-сервистердің басты сипаттары

Кейбір деректерде веб 2.0 технологиясы 1989 жылы, 2001 немесе 2005 жылдардан бастау алады деп әртүрлі көрсетіліп жүр. Дегенмен аталған технологияның дамуы өтпелі кезеңнің сипатына ие болғандықтан, веб 2.0 технологиясының пайда болу уақытын нақты көрсете алмаймыз.

2004 жылы «O'Reilly Media Web 2.0» конференциясында көпшілік назарына ұсынылған Веб 2.0 терминінің шығу тарихы Тим О'Рейли есімімен тығыз байланысты. O'Reilly Media компаниясының басшысы Т.Орейли «What Is Web 2.0» («Веб 2.0 дегеніміз не?») тақырыбындағы мақаласында «Веб 2.0 ұғымына қолданушылардың саны артқан сайын жақсара түсетін желілік байланыстарды есепке алу арқылы жүйені жобалау әдісі деген анықтама береді [2]. Веб 2.0 ұғымы «әлеуметтік желілер сервисі» мағынасына да ие. К.Г. Кречетникованың мақаласында «білім беру жүйесіндегі әлеуметтік желілер сервисі» ұғымына әлемдік ғаламторда тоғысқан бағдарламалардың көмегімен адамдарды желілік қауымдастықта байланыстыратын виртуалды кеңістік деген түсіндірме береді [3]. Е.Д.Патаракиннің Веб 2.0 әлеуметтік сервисінің педагогикада қолданылу мәселелері туралы айтылған еңбегінде веб 2.0 ұғымына «топтық қатынастарға демеу болатын желілік бағдарламалар жинағы, оқытудың заманауи құралы» деп анықтама берген [4].

Веб 2.0 сервисіне негізделген интернет технологиясының қарқынды дамуына байланысты ақпаратты немесе білімді кез-келген уақытта және кез-келген жерде алуға жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Веб 2.0 сервисі әлемдік ақпараттық ресурстарды (электрондық кітапханаға, мәліметтер қорына, файлдар қоймасына және т.б.) жалпы жұртшылыққа қолжетімді етті. Әлемде кең тараған интернет ресурстардың бірі WWW әлемдік торда миллиардтаған мультимедиялық құжаттар мен түрлі контенттер қамтылған. Веб 2.0 сервисіне негізделген интернет арқылы түрлі ақпараттарды жариялауға, әлемдік деңгейде

таратуға, адамдар арасында байланыс орнатуға бағытталған электрондық пошта, ICQ, жаңалықтар топтамасы, әлеуметтік желілерді пайдалануға болады.

Web 2.0 адамдарға өзара қарым-қатынасқа түсіп, әлеуметтік медиа сайттар арқылы қоланушыларға өздері жасаған контенттер арқылы виртуалды қауымдастық құруға мүмкіндік береді. Web 2.0 мүмкіндіктеріне әлеуметтік желілер немесе әлеуметтік медиа сайттар (Facebook, Instagram), блогтар (Tumblr, WordPress), уики, фольксономиялар (веб-сайттар мен сілтемелердегі кілт сөздерді «белгілеу»), бейнені бөлісу сайттар (YouTube), кескінді бөлісу сайттар (Flickr), орналастырылған қызметтер, Веб-қосымшалар, білім беру платформаларын жатқызуға болады.

Web 2.0 сервисінің төмендегі түрлерін топтап көрсетуге болады:

- *ақпаратты іздеу сервистері* – қолданушыларға кілт сөздер арқылы іздеген ақпараттын жылдам табуға арналған әлеуметтік іздеу жүйелері. Мысалы: www.google.com; www.rollyo.com; www.swicki.com; www.google.kz;

- *бетбелгілерді сақтау құралы* – қолданушылардың жиі кіретін веб-сайттарының мекен-жайын сақтауға арналған құрал. Мысалы: www.delicious.com; www.symbaloo.com; www.bobrdobr.ru; www.linkmarker.ru;

- *вики (Wiki)-сервистер* – сайтта берілген арнайы қосымша құралдар арқылы кез-келген пайдаланушының сайт мәтінін өзгертуге, өңдеуге, жоюға, толықтыруға арналған әлеуметтік сервистер. Мысалы: www.letopisi.ru; www.wikipedia.org; www.dokuwiki.ru;

- *әлеуметтік желілер* – өздері туралы ақпарат бере отырып, басқа қолданушылармен байланыс орнатуға, хат алмасуға, қызығушылықтары бойынша түрлі топтар құруға мүмкіндік беретін әлеуметтік сервистер. Мысалы: www.facebook.com; www.odnoklassniki.ru; www.vkontakte.ru; www.instagram.com

- *әлеуметтік фотосервистер* – фотосуреттер мен схемеларды сақтауға, жариялауға, өңдеуге, пікір қалдыруға мүмкіндік беретін жүйе. Мысалы: flickr.com; picasaweb.google.com; www.editor.pho.to; www.kalyamalya.ru; www.flamber.ru;

- *әлеуметтік бейнесервисстер* – бейнелерді сақтауға, жариялауға, өңдеуге, түрлі мақсатта қолдануға, пікір қалдыруға мүмкіндік беретін сервис түрі. Мысалы: www.youtube.com; www.vimeo.com; www.kaztube.kz; www.aitube.kz; www.rutube.ru;

- *әлеуметтік аудиосервисстер* - аудиожазбаларды жазуға, сақтауға, өңдеуге, пікір қалдыруға мүмкіндік беретін сервисстер. Мысалы: www.podomatic.com; www.svidetel.su; www.podfm.ru; www.uppod.ru және т.б. түрлі интернет-радиолаp;

- *құжаттарды дайындауға және өңдеуге арналған сервисстер* – бірнеше қолданушының ортақ құжаттарды (мәтін, презентация, кесте) бір мезгілде дайындауға, сақтауға, өңдеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік сервисстер. Бұл вертуалды кеңістікте бір жобаны (халықаралық) бірнеше адамның жасауына мүмкіндік береді. Мысалы: www.scribd.com; www.drive.google.com; www.docme.ru; www.crocodoc.com; www.docs.google.com; www.scribd.com;

- *презентацияларды жасау сервисстері* – презентацияны дайындауға, сақтауға, көруге, түрлі аудио, видео эффектерді қосуға арналған әлеуметтік сервис. Веб-сайттарға, блогқа белгілі бір код арқылы кірістіруге болады. Мысалы: www.prezi.com; www.calameo.com; www.slideshare.net; www.slideboom.com; www.scratch.mit.edu; www.alice.org; www.docs.google.com;

- *блог (желілік күнделік) жүргізуге арналған сервисстер*– кез-келген ғаламтор қолданушысына кері хронологиялық тәртіп бойынша өз жазбасын жүргізуге, аудио, бейне жазбалар сияқты түрлі мультимедиялық файлдармен бөлісуге мүмкіндік беретін әлеуметтік сервис. Мысалы: www.blogger.com; www.livejournal.com; www.wordpress.com.

- *білім карталарын (Mind map) жасау сервисстері* – белгілі бір ортақ ұқсастықтары арқылы бір-бірімен байланысты түрлі ойлар, тапсырмалар, тезистердің арнайы диаграмма, сызбалар арқылы білім картасын жасауға арналған әлеуметтік сервис. Мысалы: www.freemind.sourceforge.net; www.mindomo.com; www.mindmeister.com/ru; www.bubbl.us; www.cacoo.com.

Жоғарыда сипатталған веб 2.0 сервистерінің білім беру саласындағы қызметтеріне тоқталғанда И.В. Яковлева мен Е.В.Оспенникованың «Желілік әлеуметтік сервистердің ағартушылық мәні» атты еңбегін ерекше айтап өтсек болады [5]. Авторлар білім беру үдерісін жан-жақты моделдеу арқылы сервистердің функцияларын анықтауға тырысқан. Шетел тілдерін оқытуда әлеуметтік желілер сервисінің екінші буыны веб 2.0 технологиясына негізделген интернет ресурстарын қолдану білім беру саласында жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Веб 2.0 ақпараттық технологиясын тиімді пайдалану шетел тілдерін жетік меңгеріп, сол тілде еркін сөйлеуге әсер етеді. Сонымен қатар ағылшын тілін оқытуда Веб 2.0 сервисін пайдалану педагогтың қызметін жеңілдетіп, тілді меңгеруде қолайлы жағдай туғызары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бидайбеков Е. Ы., Гриншкун В. В. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. – Алматы, 2014. – 352 б. 26 б.
2. O'Reilly T. What Is Web 2.0? Design Patterns and Business Models for the Next Generation of Software. [Электронный ресурс]. URL:www.oreilly.de/artikel/web20.html (дата обращения: 10.11.2016).
3. Кречетников К.Г., Кречетникова И.В. Социальные сетевые сервисы в образовании // Открытое и дистанционное образование. — 2010. — № 3. — С. 45-50. 46 б.
4. Патаракин Е.Д. Социальные сервисы Веб 2.0 в помощь учителю. — 2-е изд., испр. — М: Интуит.ру, 2007. — 64 с. 10б.
5. Оспенникова Е.В., Яковлева И.В. Образовательное значение сетевых социальных сервисов // Педагогическое образование в России. — 2012. — № 5. — С. 118-121.